## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 413 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1300 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Құрамында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың аз мөлшері бар, олардан көрсетілген құралдар мен заттар оңай қол жеткізілетін тәсілдермен алынуы мүмкін емес дәрілік препараттарды бақылаудан алу ережесін және көрсетілген препараттардың тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 413 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 16, 184-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген құрамында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың аз мөлшері бар, олардан көрсетілген құралдар мен заттар оңай қол жеткізілетін тәсілдермен алынуы мүмкін емес және Қазақстан Республикасында бақылауға жатпайтын дәрілік препараттардың тізімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34. | Антиспазм | 1 таблеткаға құрамы, мг-да: парацетамол - 300 мг дротаверин гидрохлорид - 40 мг кодеин — 8 мг | № 20 таблеткалар | III кесте А бөлімі 1-тармақ |
| 35. | Беллатаминал | 1 таблеткаға құрамы, г-да: итжидек алкалоидтар қосындысы - 0,0001 г фенобарбитал - 0,02 г эрготаминтартраты - 0,0003 г | № 10 таблеткалар | III кесте В бөлімі № 54 IV кесте 1-тізбе |
| 36. | Гликодин | 5 мл препаратқа құрамы, мг: декстраметорфан гидробромиді - 10 мг левоментол - 3,975 мг терпингидрат - 10 мг | 50 мл, 100 мл сауыттағы шәрбат | II кесте А бөлімі № 43 (ескертпе) |
| 37. | Коделак(R) фито | 120 г препаратқа құрамы, г-да: кодеин фосфат - 0,09 г жалаңаш мия тамырларының қою сығындысы - 4 г термопсистің қою сығындысы - 0,2 г сұйық тасшөптің сығындысы - 20 г | 100 мл сауыттағы шәрбат | III кесте А бөлімі 1-тармақ |
| 38. | Корвалин-РТ | 100 мл препаратқа құрамы, г-да: бұрыш жалбыз майы - 0,142 г фенобарбитал - 1,826 г а-бромизовалериан қышқылының этил эфирі - 2 г | Ішуге арналған тамшылар 20 мл, 25 мл | III кесте В бөлімі № 54 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 39. | Корватаблет | 1 таблеткаға құрамы, мг-да: фенобарбитал - 7,5 мг а-бромизовалериан қышқылының этил эфирі - 8,2 мг | № 10, № 20, № 100 таблеткалар | III кесте В бөлімі № 54 |
| 40. | Сантопералгин | 1 таблеткаға құрамы, мг-да: кодеин - 8 мг кофеин - 50 мг натрий метамизолы - 300 мг парацетамол - 300 мг фенобарбитал - 10 мг | № 10 таблеткалар | III кесте А бөлімі 1-тармақ III кесте В бөлімі № 54 |
| 41. | Сантотитралгин | 1 таблеткаға құрамы, мг-да: кодеин - 8 мг кофеин - 50 мг натрий метамизолы - 300 мг фенобарбитал - 10 мг | № 10 таблеткалар | III Кесте А бөлімі 1-тармақ III кесте В бөлімі № 54 |

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК